САБАҚ ЖОСПАРЫ

Пән	Жаратылыстану
Мұғалім	Асилбекова Акмарал Кидиркалиевна
Мектеп, сынып	№24 ЖББОМ, 3-сынып
Сабақ тақырыбы	Ғарыш қалай игерілді?

Оқу мақсаттары:	3.4.2.1. Ғарышты игерудің кейбір айтулы оқиғалары туралы әңгімелеу. 3.4.2.2. Адамзат дамуындағы ғарыштың маңызын түсіндіру.
Сабақтың мақсаты:	**Барлық оқушылар:** Ғарышты игеру кезеңдерінің кейбір айтулы оқиғаларымен біледі. **Оқушылардың басым бөлігі:** Ғарыш жаңалықтарының маңызын түсінеді. **Кейбір оқушылар:** Адамдар ғарышты игеру барысында қандай қиындықтарға кездескендігі жөнінде әңгімелей алады.
Бағалау критерийлері	• Ғарышты игеру тарихын әңгімелейді • Ғарыштың адамзат өміріндегі маңыздылығын сипаттайды
Тілдік мақсаттар	**Пәнге тән лексика мен терминология**: Серік, зымыран, орбиталық стансы. **Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер:** Сен түнгі аспаннан қандай шоқжұлдыздарды көре аласың? Күн адамға не береді? Күн жүйесінің ғаламшарларын ата. Айдың қозғалысы ғаламшарлардың қозғалысынан қалай ерекшеленеді?
Құндылықтарды дарыту	Білімнің салтанат құруына ықпал жасау
Пәнаралық байланыс	Дүниетану, қазақ тілі
Акт қолдану дағдылары	https://imektep.kz/kz/garysh-video https://bilimland.kz/kk/courses/zharatylystanu/zher-zhane-halam/lesson/harysh-kengistigin-alhashqy-zertteu-kezengi https://imektep.kz/kz/game#recycle_bin-709 https://imektep.kz/kz/game#true_false-1371 https://imektep.kz/kz/game#select_words-708 https://imektep.kz/kz/game#quiz-710 Аспан көрінісі https://www.google.kz/search
Бастапқы білім	Ғарыш туралы түсініктері бар және алғаш кім және не ұшқанын біледі.

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар

Сабақтың басы **Ұйымдастыру кезеңі.** 2 мин **Өткенді пысықтау** 4 мин **Кіріспе тапсырмасы** 4 мин	Психологиялық ахуал қалыптастыру. Армысың досым, Кел, маған қосыл. Алақанға салып алақан, Шеңберге бірге тұрайық. (қолдарынан ұстайды) Жер шарын айналып, Әлемге жарық ұқсайық. (айналады). Қолымызды көтеріп, Күннің нұрын алайық (қолдарын көкке созады) Ортамызда күн нұры Құшаққа оны алайық (құшақтасады) Осындай жақсы көңілмен, Сабағымызды бастайық. **Аспанмен тілдесу** Ашық аспан арайлы Саған жиі қараймын Оқып зерттеп сабақты Көп мәлімет алайын! Топқа біріктіру. **1 топ Ғарышкер** **2 топ Ғаламшар** **3 топ Зымырандар** **«Миға шабуыл»** **Сұрақ-жауап арқылы сұраймын.** **1.**Топырақ жердің қандай қабаты? (Үстінгі қабаты) **2.**Қандай топырақ құнарлы? (Қаратопырақ) **3.**Жердің неше географиялық қабықтары бар? Оларды ата. (4 Атмосфера,литосфера,биосфера,гидросфера.) **4**.Жердің ауа қабығы қалай аталады? (Атмосфера) **5.**Тірі ағзаларға тіршілік ету және өсу үшін не қажет? (Оттек,су,қорек заттар) **6.**Гидросфера дегеніміз не? (жердің су қабығы) **7.**Жер қабығы қалай аталады? (Биосфера) **8.**Литосфера қандай қабық? (Жердің қатты қабығы) **9**.Жердің қабықтары қалай аталады? (Сфералар) **10**.Ғалымдардың болжамы бойынша ғаламшарымыздағы алқашқы тірі ағзалар қайда пайда болған?(Суда) **Жедел жауап тапсырмасы** Интерактивті тақтадан шоқжұлдызды аспанның слайдын көрсетемін.Слайдта Күн, ғаламшарлар, Жетіқарақшы, Кішіаю шоқжұлдыздары бар. Қане балалар, топ бойынша 2,3 минут экраннан көріп тұрған нысандарды талқылап, олар туралы не білетіндеріңді бір-біріңе айтып беріңдер.Содан соң мен сендерге сұрақтар қоямын. - Өздеріңе таныс шоқжұлдыздарды атаңдар?(Жетіқарақшы, Кішіаю) - Күн адамға не береді?(Жарық,жылу, энергия) - Күн жүйесіне кіретін қандай ғаламшарларды білесіңдер? (Меркурий, Шолпан, Жер, Қызылжұлдыз,	 Суреттер google.kzсайтынан алынды Аспан көрінісі https://www.google.kz/search Сұрақтар жазылған слайд Қол шапалақ әдісі арқылы бағалау. 2 жұлдыз 1 тілек әдісі арқылы бағалау

	Юпитер, Сатурн, Уран, Нептун) - Айдың қозғалысы басқа ғаламшарлардың қозғалысынан несімен ерекшеленеді?(Ай- Жер серігі. Ол ғаламшарды айналады, ал ғаламшарлар жұлдызды- Күнді айналады.) - Қай ғаламшар Күнге ең жақын орналасқан? Ең алысы қайсысы? (Бәрінен жақыны- Меркурий, ең алысы- нептун) - Қай ғаламшарлар Жерге жақын орналасқан? (Шолпан мен Қызылжұлдыз) - Неліктен басқа ғаламшарларда тіршілік жоқ?(Оларда оттек жоқ.)	
Сабақтың ортасы **Жаңа сабақты түсіндіру** 5 мин	**Орны ауысқан әріптерді қойып, сөздің мағынасын ашу:** **А Ғ Ы Ш Р–** **Й А Қ А Л –** **І Г Р І Л Е И Д–** **Ғарыш қалай игерілді?** **«Ертегілер әлемінде» әдісі** Оқушыларға бейнематериал көрсету **https://imektep.kz/kz/garysh-video** **көрсету арқылы** Ғарыш кеңістігін алғашқы зерттеу кезеңімен таныстыруды Білімленд сайтынан көрсетемін. Осы бейнебаян негізінде әр топқа фотосуреттер жапсырылған парақшалар жиынтығын таратып беремін. Әр фотосурет сұрақтардың біреуіне сәйкес. Оқушылар өздерінің зерттеу сұрақтарына жауап дайындайды.Ол үшін оқулықтағы немесе ғарыш туралы бейнебаяннан алған ақпаратты пайдаланады.	**Кеспе қағаздар** **https://imektep.kz/kz/garysh-video** **https://bilimland.kz/kk/courses/zharatylystanu/zher-zhane-halam/lesson/harysh-kengistigin-alhashqy-zertteu-kezengi**
4 мин	**Топтық жұмыс** **Зерттеу жүргізуге арналған нұсқаулық** • зерттеу сұрағын оқиды. • сәйкес фотосуреті бар парақшаны табады. • оқулықтағы және бейнебаяндағы ақпаратты пайдалана отырып, сұраққа жауап дайындайды. • зерттеу сұрағына берген жауабымен таныстырады. - Ал, балалар сендердің ойларыңша, ғарышты игеру аяқталды ма әлде жалғасады ма? - Адамзат алдағы уақытта қандай қадамдар жасайды? (Басқа ғаламшарларды игеруге талпыныс жасайды.)	

 Томпақтың тапсырмасы 6 мин	**Балалар Томпақ бізге Ай мектептен тапсырмалар әкеліпті. Енді жұппен сол тапсырмадарды орындайық.** **Жұптық жұмыс** **https://imektep.kz/kz/garysh** **тапсырмаларды орындайды** **1 тапсырма артығын алып таста**  **2 тапсырма Дұрыс дұрыс емесін тап** **3 тапсырма сөйлемді толықтыр**  **4 тапсырма Тест** **Сен білесің бе?** Ғарышқа ұшу кезінде зымыран көтеретін жүктің салмағы өте маңызды болып табылады. Ол отын шығынының мөлшері мен зымыранның алатын жылдамдығына байланысты болады. Егер ол ғарыштық жылдамдыққа (8 км/с) жетпесе, онда ғарыш кемесі орбитаға шыға алмайды. Нақ сол үшін ғарышкерлерге қойылған негізгі талаптардың бірі ғарышкердің салмағы мен биіктігі болған. Сондай талаптар ғарышкер-иттерге де қойылған. « Кезбе тілші » әдіс арқылы сабақты қорытамыз. **Ғарыш бізге не берді?** **Топтық жұмыс** Суреттерге қараңдар. Қандай заттарды көріп тұрсыңдар және олар неге арналған. Топ бойынша бірлесе отырып талқылаңдар. Ғарыш зерттеулерінің қандай пайдасы бар?	https://imektep.kz/kz/game#recycle_bin-709 https://imektep.kz/kz/game#true_false-1371 Бағдаршам әдісі арқылы бағалау https://imektep.kz/kz/game#select_words-708 https://imektep.kz/kz/game#quiz-710 Жалаушалар арқылы бағалау
2 мин 5 мин		

	 Ғарышты игеруде тағы қандай жаңалықтар ашылды? Айтып бер. Оқушылардың сурет бойынша талқылауынан соң өзім толықтырамын. Сендер теледидар көруді ұнатасыңдар ма? Теледидардағы бейнесюжеттер ғарыш арқылы беріледі. Бұл қызметті Жер айналасындағы орбитада орналасқан теледидарлық серіктер атқарады.Теледидарлық станса серікке сигнал жібереді,ал ол қажетті жерге сигналды қайта жібереді. Сонымен қатар, серіктердің метеорологи-ялық және бақылау серіктері деген түрлері болады. Осының барлығына ғарышты игеру барысында қол жеткізілді.	Слайд
Сабақтың соңы 5 мин	**Тапсырма** Суреттерге мұқият қара. Берілген даталарға қатысты ғарыш саласында қандай оқиғалар болды? Әңгімеле. 	Қалыптастырушы бағалау тапсырмалары

	1957 жыл *1961 жыл* *1969 жылы* •Қазіргі күнде ғарыш саласында қандай айтулы оқиғалар болып жатыр? Жұпта ой бөліс. **Дескриптор** ***Білім алушы:*** *-берілген даталарға қатысты ғарышты игерудегі айтулы оқиғалар туралы әңгімелейді;* *- ғарыш саласындағы қазіргі айтулы оқиғаларды сипаттайды.* ***РЕФЛЕКСИЯ*** **Бүгінгі сабақта не түсінгендерін, не білгісі келетіндерін зымырандарға жазып ғаламшарларға жабыстырады.**	
3 мин		
Үйге тапсырма	Адамдар ғарышты игеру барысында қандай қиындықтарға кездескенін оқып, іздену.	Зымыран суреттері бар кеспе қағаздар, ғаламшарлар суреті бар плакат.



Қосымша мағлұматтар

Саралау – Сіз оқушыларға көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырма беруді көздеп отырсыз?	**Бағалау – Оқушылардың ақпаратты қаншалықты меңгергенін қалай тексересіз?**	**Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы**
Саралауда берілетін тапсырма, күтілетін нәтиже, қолдау көрсету, бөлінетін уақыт, қолданылатын дереккөздер арқылы жүзеге	**Бұл бөлімді оқушылардың сабақ барысында алған білімдерін бағалау үшін қолданылатын әдіс-**	**Берілген тапсырмалардың қайсыбірі оқушылардың қауіпсіздігіне немесе денсаулығына қауіп төндіре ме?**

асыруға болады. **Саралау сабақтың кез келген бөлімінде қолданылады.**	**тәсілдеріңізді жазу үшін пайдаланасыз.**	
	Төменде берілген бөлімді осы сабақ туралы ойларыңызды жазу үшін пайдаланыңыз. Сол жақ бағанда берілген сабағыңызға қатысты ең маңызды сұрақтарға жауап беріңіз.	

Жалпы баға

Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?

1:

2:

Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?

1:

2:

Осы сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?